

## **«Ертегілер елінде»**

Бүгін кітапханамыздың 70 жылдық мерейтойы аясында 5 жастағы балалар арасында «Ертегілер елінде» атты қалалық театрландырылған байқауының финалы мен марапаттау рәсімі өтті. Байқаудың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың оқу белсенділігін дамыту және шығармашылық қабілеттерін қолдау.

Байқауға «Дарынды бала әлемі» жинағынан сахналанған ертегілер (таңдау бойынша) қабылданды. Байқаудың жүлде қоры жоба авторы және «Дарынды бала әлемі» кітабын шығарудың бастамашысы Айнагүл Хамитованың демеушілігімен ұйымдастырылды.

Қазылар алқасының қарауына қаланың 9 балабақшасынан қазақ және орыс тілдерінде 18 жұмыс ұсынылды.

Қазылар алқасының құрамына: С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының актері, режиссер, ҚР мәдениет қайраткері Б.Киекбаев, «Буратино» қуыршақ студиясы театрының режиссеры, Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының балалар қуыршақ студиясының жетекшісі Е.Пак, Театр және кино актері, мұғалім, «Как в Кино» актерлік және шешендік өнер мектептері желісінің Қарағанды филиалының көркемдік жетекшісі К.Пловайко және №3 Дарынды бала балабақшасының директоры А.Бұхарбек енді.

### **Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері:**

1-орын: «Шаңырақ» бөбекжайы КМҚК, «Лягушка и муравьи» ертегісі;

2-орын: «Думан» бөбекжайы КМҚК, «Вежливый кролик» ертегісі; ЧУ «Гвоздичка», «Два жадных медвежонка» ертегісі;

3-орын: «Шаңырақ» бөбекжайы КМҚК, «Два жадных медвежонка» ертегісі; «Думан» бөбекжайы КМҚК, «Горностаи и Заяц» ертегісі; «Алтын сақа» бөбекжайы КМҚК, «Түлкі қалай Арыстанды алдады» ертегісі.

### **Номинациялар бойынша:**

«Көрермен көзайымы» – ЖМ «Гвоздичка», «Два жадных медвежонка» ертегісі;

«Ең үздік декорация» – «Аяла» бөбекжайы КМҚК, «Ни силой, а умом» ертегісі; «Ең үздік костюм» – «Ақниет» бөбекжайы КМҚК, «Два жадных медвежонка» ертегісі;

«Ең үздік актерлік шеберлігі» – «Шаңырақ» бөбекжайы КМҚК, «Бақа мен Құмырсқалар» ертегісі;

«Ең үздік музыкалық көркемдеу» – «Гүлнұр» бөбекжайы КМҚК, «Почему верблюд любит в золе кататься» ертегісі.

Байқаудың барлық қатысушыларына алғыс білдіреміз және жеңімпаздарды құттықтаймыз!